

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

ұлт адамдарына мұқият қарайды. Өзін - өзі тануды қалыптастыру дегеніміз-адамның жеке басын қалыптастыру.

Ұлттық сана-сезімнің сипаты мен деңгейі көбінесе ұлттың өміршеңдігі мен белсенділігін анықтайды. Ұлттық өзін-өзі тану туа біткен емес, ол адамның жеке басымен бірге бірқатар факторлардың әсерінен қалыптасады. Мұндай факторлардың қатарына адам өсетін нақты этникалық орта, сондай-ақ басым этномәдени дәстүрлер мен нақты этноәлеуметтік жағдай жатады.

Студенттердің ұлттық бірегейлігін қалыптастыру үдерісінде халықтың тілдік бірлігі мен мәдени құндылықтарын ұғыну үлкен рөл атқарады. Тілдің көмегімен адамдар бір-бірімен байланысады, ата-бабаларының рухани мұрасына қосылады. Өз халқының ұлттық өмірін білу, өзін адамның өкілі ретінде тану тіл арқылы жүреді. Этникалық қоғамдастықтың өз тілін жоғалтуы оның ана тілінің "жоғалуын" білдіреді. Этникалық және өзін-өзі танудың өзгеруі, егер бұған қосымша факторлар ықпал етсе, атап айтқанда басқа этникалық топтың аумағында тұру көбінесе тілдің өзгеруіне әкеледі.

Ұлттық бірегейліктің негізгі құраушыларына мыналар жатады:

- тіл;
- жеке сәйкестендіру;
- өз ұлтына деген көзқарас және оның ұлттық проблемалары мен проблемалары туралы хабардар болу;
- басқа ұлттарға қатынасы және олардың ұлттық проблемалары мен проблемалары туралы хабардар болуы;
- этникалық мәселелер мен мәселелер туралы хабардар болу [5, 4861 бет].

Әдебиеттер

1 Выготский Л. С. Ойлау және сөйлеу. – М.: Лабиринт, 2012. – 352 б.

2 Татьяна Молодцова, Ольга Ефремова, Светлана Шилова және Лариса Кобышева. Жалпы кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде болашақ білім беру психологтарын патриоттық тәрбиелеудің өзекті мәселелері. SHS Web of Conferences 70, 2019. 63-68 бет.

3 А. Чандра, бала мен жасөспірім, мінез-құлық туралы хат, Браун университеті, АҚШ, 32, 3, 2016, 128 бет.

4 Черникова, Елена және Сиврикова, Надежда және Пташко, Татьяна. Бейресми білім беру жасөспірімдер. SHS конференциялар желісі. 55. 2018. 167-173 Б.

«ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ, КЕЛЕШЕГІ

Шалғынбаева Қадisha Қадыровна

П.ғ.д., профессор

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

kadisha1954@mail.ru

Аннотация. Казахстанские вузы, интегрированные в общемировое образовательное пространство, становятся более международными по своей сути и универсальными по характеру образования. Потому что сегодня для Высшей школы Казахстана в эпоху всеобщей глобализации и стремительного развития информационного потока интеграция в мировую систему образования имеет большое значение. В этом контексте Евразийский национальный университет им.Л. Н. Гумилева как одно из лучших учебных заведений, накопившее ценный опыт формирования высокопрофессиональных кадров, отвечает мировым стандартам. Однако кафедра «Педагогика», основанная в 1962 году на базе Целиноградского государственного педагогического института им.С. Сейфуллина, занимает особое место.

Ключевые слова: ценный опыт, мировое образование, история развития кафедры, система образования, профессиональные кадры, интеграция, Высшая школа.

Abstract. Kazakhstani universities, integrated into the global educational space, are becoming more international in nature and universal in the nature of education. Because today for the Higher School of Kazakhstan in the era of globalization and the rapid development of the information flow, integration into the world education system is of great importance. In this context, the Eurasian National University named after L. N. Gumilev as one of the best educational institutions, which has accumulated valuable experience in the formation of highly professional personnel, meets international standards. However, the department "Pedagogy", founded in 1962 on the basis of the Tselinograd State Pedagogical Institute named after S. Seifullin, occupies a special place.

Key words: valuable experience, world education, history of department development, education system, professional staff, integration, Higher School.

«Білім – адамзаттың ортақ қазынасы» деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, ілімсіз ілгерілеймін деудің өзі қателік. Баланың бойында негізгі кірпішті мектеп қалайтын болса, оның өсіп-өркендеуіне, бағыт-бағдарын табуына септігін тигізетін – жоғары оқу орындары. Осы орайда, еліміздің жоғары білім беру жүйесі де жыл сайын жаңашылдық енгізіп, әлемдік деңгейге қарай қол соза дамуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың *«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»* атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару қажеттілігін ерекше атап көрсетуі білім беру жүйесінің алдына көптеген міндеттер жүктейді. Себебі бүгінде жалпы жаһандану және ақпарат ағымының қарқынды даму дәуіріндегі Қазақстанның жоғары мектебі үшін әлемдік білім беру жүйесіне ықпалдастықтың маңызы зор. Жалпы әлемдік білім беру кеңістігіне интеграцияланған қазақстандық жоғары оқу орындары мәні жағынан анағұрлым халықаралық және беретін білімінің сипаты әмбебап болуда.

Осыған орай, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз», – деген болатын. Кемелді келешектің негізін қалайтын өскелең ұрпақ пен оларға білім нәрін беретін ұстаздар қауымына мол жауапкершілік жүктеліп отыр.

Бұл міндеттерді шешу болашақ мамандарға мемлекеттік стандартқа, оқу бағдарламаларына сәйкес ғылым салаларынан табысты білім берумен ғана шектелмейді. Жоғары мектепті бітіруші болашақ мамандар аға ұрпақ тәжірибесін меңгерген, білімін өз кәсібінде ұтымды пайдалана алатын құзыретті, әлемдік бәсекеге қабілетті болуы керек. Осы тұрғыда қазіргі уақытта 25 жылдық мерейтойын республика көлемінде атап өткен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жоғары кәсіби кадрларды қалыптастырудың құнды тәжірибесін жинақтаған мандайалды оқу орындарының бірі ретінде әлемдік стандарттарға жауап береді.

Білімді маман тәрбиелеуде шығарам деген арманы мен мақсатын бір арнаға тоғыстырып, 1962 жылы негізі қаланған С. Сейфуллин атындағы Целиноград мемлекеттік педагогикалық институты базасында құрылған «Педагогика» кафедрасының орны айрықша. Айналаға жоғары тәжірибесін таратып, ауыз толтырып айтарлықтай жетістігі бар бұл білім ордасының 60жылдық тарихы бар. Оған қоса отандық білім беру жүйесіне жүктеліп отырған зор міндеттерді жүзеге асырудағы атқарған қызметі ұшан-теңіз. Мазмұнды әрі бай тәжірибесімен республика, алыс және жақын шетелдерге танылған кафедраның қашан да

абыройы аласарған емес. Керісінше, ізденіс үстінде, біліктілік пен кәсібилік жолында биік беделге ие болуда. Бұл сөзге айғақ боларлық істерді төменде тізбектеген жөн болар.

Ұзақ жылдардан бері кафедрада көптеген ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық-зерттеушілік және оқу-әдістемелік жұмыстар атқарылып келеді. Кафедраның құрылуы мен дамуына әр жылдары үлес қосып, оның даңқын асқақтатқан педагог-ғалымдарды атап өткен абзал. Өйткені білім мекені осы жандардан қуат алып, біліммен қарулана түсті: Итбаев Н.М., Қоянбаев Ж.Б., Зязин Б.П., Белканов Н.А., Агиянц Е.В., Сарыбеков М.Н., Әбдікәрімов Б.Ә., Әбдіманапов С.Ә., Құрманов Н.М., Аймағамбетова Р.Х., Романенко М.Э., Кенесарина З.У., Кариев С.К., Сарыбекова Ж.Т., Меңлібекова Г.Ж. және оның қазіргі құрамы: Шалғынбаева Қ.Қ., Молдажанова А.А., Сейітқазы П.Б., Абибулаева А.Б., Қалкеева К.Р., Төлеубекова Р.К., Длимбетова Ғ.К., Кертаева Г.М., Қашхынбай Б.Б., Уразбаева Г.Т., Жиенбаева С.Н., Атемова Қ.Т., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С., Асылбекова М.П., Шолпанкулова Г.К., Жұмабекова Ф.Н., Салиева А.Ж., Рахымжанова М.М., Байсарина С.С., Айберген А.И., Жубакова С.С., Жукенова Г.Б., Байменова Б.С., Шарипова О.Б., Жумадилова А.Н., Қожаева С.Қ., Муталиева А.Ш., Ботабаева Ә.Е., Бүрдесбекова Ү.И., Ахтанова С.К., Темиров Қ.У., және PhD докторлар Махадиева А.К., Меиркулова А.Б., магистрлер Лекенова А.А., Қуатов А.К., Балтабаева Ж.Б сынды оқытушы-профессорлық құрам кеудеде мақтаныш сезімін кернетеді.

Кафедрада Қазақстан Республикасы бойынша «ЖОО үздік оқытушысы» конкурстарының жеңімпаздары (Кертаева К.М., Байсарина С.С., Абибулаева А.Б., Сейітқазы П.Б., Менлибекова Г.Ж., Шалғынбаева Қ.Қ., Калкеева К.Р., Қожаева С.К., Жұмабекова Ф.Н., Сламбекова Т.С., Албытова Н.П., Асылбекова М.П., Айберген А.И.), «ҚР білім беру ісінің үздігі» (Төлеубекова Р.К.); «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» (Шалғынбаева Қ.Қ., Рахымжанова М.М., Албытова Н.П.); «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (Төлеубекова Р.К.); педагогика саласындағы ең үздік ғылыми зерттеулер үшін Ы.Алтынсарин атындағы медалдерінің иегерлері (Төлеубекова Р.К., Абибулаева А.Б., Калкеева К.Р., Жұмабекова Ф.Н.); «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгілерінің иегерлері (Сейітқазы П.Б., Төлеубекова Р.К.), ҚР Тұңғыш Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясының стипендиаты (Абибулаева А.Б.); Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесі үшін «Күлтегін» медалінің иегерлері (Длимбетова Г.К., Абибулаева А.Б., Шалғынбаева Қ.Қ., Калкеева К.Р., Сейітқазы П.Б.), Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесі үшін «Л.Н.Гумилев» медалінің иегерлері (Калкеева К.Р., Төлеубекова Р.К., Албытова Н.П.), ЕҰУ 25 жыл мерейтойына арналған төс белгі иегерлері (Шарипова О.Б., Калкеева К.Р., Асылбекова М.П., Қожаева С.К., Б.С. Байменова), авторлық ұжымдастықта педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін Ы. Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегерлері: Г.К. Длимбетова, М.М. Рахымжанова, Д.Әкіміш; БҒМ Ғылым мен техниканың дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия (2021 ж) иегері П.Б. Сейітқазы еңбек етуде.

Бүгінде кафедра оқытушыларының ғылыми дәрежесі – 86,4 % құрайды.

Осындай, кәсіби мамандар бас қосса, барлық істің өнімді болары анық. Осы орайда, білікті жандардың, ең бастысы, өз мамандығын шексіз сүйетін ұстаздардың жұмыла еңбек еткені көпке үлгі боларлықтай. Асылында, бірлік пен ортақ мақсат шыңға шығарады. Біздің кафедрамыздың негізгі дәнегі осындай озық білімді құрамнан бүр жарып, өркендеді деп есептеймін.

Солардың арасында әр жылдары кафедра меңгерушілері болып қызмет атқарған ғалымдар бар: Итбаев Н.М., Зязин Б.Н., Қоянбаев Ж.Б., Агиянц Е.В., Белканов Н.А., Грибушенко С.П., Абдыманапов С.А., Абдыкаримов Б.А., Сарыбеков Н.М., Кенесарина З.У., Дмитриенко Е.А., Кариев С.К., Курманов М.К., Менлибекова Г.Ж., Аймағамбетова Р.Х., Абибулаева А.Б., Албытова Н.П., Шалғынбаева Қ.Қ. Ал 2019-2021 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі қызметін п.ғ.к., профессор міндетін атқарушы Сламбекова Толқын Сламқұлқызы атқарса, 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап п.ғ.к., қауымдастырылған

профессор Асылбекова Мәрзия Пазылқызы бүгінгі күнге дейін кафедра меңгерушісі лауазымын атқаруда.

2010-2022 жылдардағы кафедраның даму тарихынан айрықша оң өзгерістерді аңғаруға болады. Себебі педагогика кафедрасының атауы 2010 жылы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» деп өзгертіліп, кафедра меңгерушісі ретінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қадриша Қадырқызы Шалғынбаева тағайындалды.

2011 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігіне арнайы мамандық ашуға байланысты лицензия алу үшін қызметтік хат жазылып, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығынан бакалавриат, магистратура және PhD-докторантура деңгейлері бойынша лицензияға қол жеткізілді. Міне, осы оқу жылында алғаш рет 22 талапкер Мемлекеттік грант негізінде студент қатарына қабылданды.

2012 жылы «Жаһандану үдерісі контексіндегі педагогикалық білім беру жүйесінің дамуы» тақырыбында кафедра меңгерушісінің басшылығымен және оқытушы-профессорлар құрамының ұжымдық ынтымақтастығымен ұйымдастырылған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция кафедраның кешегі өткен 50 жылдық тарихын баяндап, бүгінгі тыныс-тіршілігін саралап, келешектегі әлемдік бәсекелестікке қабілетті мамандарды даярлаудың мақсат-міндеттерін айқындауға зор үлес қосты. Сондай-ақ осы 2012 оқу жылында «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша алғаш рет магистратураға түлектер қабылданып, 7 магистрант оқуға қабылданды.

2013-2014 оқу жылында «Психология» кафедрасының қайта құрылуына орай әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасына кіріктіріліп, оқытушы-профессорлар құрамының саны ұлғайды. Кафедра 49 адамды құрады, олардың ішінде 10 ғылым докторы, 3 PhD докторы, 25 ғылым кандидаты, 11 магистрлік дәрежедегі аға оқытушылар қызмет атқарды.

Аталған кафедра құрамының арасындағы 15 оқытушы-профессор «Психология» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр және магистратура деңгейінде болашақ мамандарды даярлауға үлкен септігін тигізді. Олар: психология ғылымының докторы, профессор Ерментаева А.Р., псих.ғ.к., доцент Нурадинов А.С., псих.ғ.к., доцент Мамбеталина А.С., п.ғ.к., доцент Айқынбаева Г.К., п.ғ.к., доцент Айтышева А.М., псих.ғ.к., доцент Аубакирова Ж.К., псих.ғ.к., доцент Байжуманова Б.Ш., псих.ғ.к., доцент Валиева А.Б., псих.ғ.к., доцент Рыскулова М.М., псих.ғ.к., доцент Бекова Ж.К., псих.ғ.к., доцент Карибаева Г.М. және магистрлік дәрежедегі аға оқытушылар – Қуатов А.К., Ақымбек Г.Ш., Құнанбаева А.Ж., Гитихмаева Л.М. Өз кәсіби қабілеттерін көрсете білген білікті мамандармен тек қана марқайып-мақтануға болады.

Ал, 2021-2022 оқу жылында кафедраның оқытушы-профессор құрамы 36 бірлікті құрайды, оның ішінде 10 ғылым докторы, 17 ғылым кандидаты, 3 PhD доктор, 6 ғылым магистрлері табысты қызмет атқарады.

Әрі қарай көздеген мұраттар біртіндеп орындалды. Жұмыла кіріскен кафедра оқытушыларының арқасында осы жылдары білім беру бағдарламалары бойынша мамандар үш деңгейде дайындалды. Нақтырақ айтсақ, бакалавриат: 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», 5B050300 – «Психология»; магистратура: 6M012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», 6M050300 – «Психология»; 6M010300 – «Педагогика және психология»; докторантура: 6D010300 – «Педагогика және психология» және 6D012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану».

Бүгінде кафедрада бакалавриат-магистратура-докторантура деңгейінде мамандар даярлануда.

Бакалавриат деңгейі:

2010 жылдан 5B012300/6B01823 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

2018 жылдан 5B010300/6B01103 - «Педагогика және психология»

2018 жылдан 6B01201 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту»

Магистрантура деңгейі:

2004 жылдан 6M010300/7M01103 - «Педагогика және психология»;

2012 жылдан 6M012300/7M01823 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
2022оқу жылынан бастап 7M01104 - «Білім берудегі тьютор» білім беру бағдарламасына қабылдау жүзеге асырылуға қол қойылып, бекітілді.

2021 жылдан бастап «7M01103 - «Педагогика және психология» ағылшын тілінде білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Докторантура деңгейі:

2006 жылдан 6D010300/8D01103 - «Педагогика және психология»,

2014 жылдан 6D012300/8D01823 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану».

Білім беру бағдарламалары ұлттық рейтинг (НКАОКО) бойынша алдыңғы позициялардан орын алуда, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» бакалавриат 2017 жылы 2 орын, 2018, 2019 жылдары – 1 орын; магистратура – 2015 жылы – 1 орын, 2016, 2017, 2018 жылдары – 2 орын; ҚР “Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі” (НААР) тарапынан жүргізілген ҚР ЖОО бағыты мен мамандарды дайындау деңгейі бойынша рейтинг нәтижесі «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» бакалаврат 2016 – 1 орын, 2017 жылы – 2 орын; 2018, 2019, 2020 жылдары – 1 орын; магистратура 2016, 2017 жылдары – 2 орын; 2018, 2019, 2020 жылдары – 1 орын; докторантура 2019, 2020 жылдары – 1 орынға иелік етсе, 2021 жылды **«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, отандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына берген тәуелсіз бағалау** нәтижесі бойынша «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» бакалаврат деңгейі 1 орынды иеленді. Бұл әрине, үлкен жетістік.

Кафедра жақын және алыс шетелдердегі жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыс орнатқан:

Омбы мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей

Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей

Ресей халықтар достығы университеті (РУДН) Ресей

В. М. Ломоносов атындағы ММУ, Ресей

Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университеті, Ресей

Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей

Йедитепе университет, Түркия

Гази университеті, Түркия

Акдениз университеті, Түркия

Кентукки университеті, АҚШ

Астрахан мемлекеттік университеті, Ресей

М.Ақмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей

Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Қырғызстан

Шет елдік ЖОО бакалавриат-магистратура-докторантура деңгейінде сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы жүзеге асырылуда.

2014 жылдан Ресей Федерациясы М. Ақмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетімен Шанхай ынтымақтастығы ұйымдары университеттерінің «Педагогика» бағыты бойынша 7M01103 – «Педагогика және психология» мамандығының магистратура деңгейінде келісімшарт орнатып, қос дипломдық білім беру бағдарламасы іске асырылуда.

2015 жылдан бастап осы бағыт бойынша Мәскеу қаласындағы Ресей Халықтар достығы университетімен де бірлесіп, магистратура деңгейінде 7M01103 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы негізінде *қос дипломдық білім беру жалғасын тапты*. Қазіргі уақытта да аталған екі жоғары оқу орнымен студенттердің, магистранттардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы да сәтті іске асуда.

2021-2022 оқу жылынан бастап Астрахань мемлекеттік университетімен келісімшарт жасалып, оның негізінде «7M01823-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы бойынша қос дипломдық білім беру жүзеге асырылуда. (Ресей Федерациясы, Астрахань).

ЖОО профессорлық-оқытушылар құрамының халықаралық және білім беру қызметінің маңызды бағыттарының бірі - халықаралық академиялық ұтқырлық. Профессорлық-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы - бұл университеттің миссиясы мен даму бағдарламасын орындау, сыртқы және ішкі интеграциялық байланыстарды орнату, ЖОО имиджін нығайту, сондай-ақ бірлескен оқу бағдарламаларын жүзеге асыру.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы серіктес ЖОО-да оқыту: дәрістер оқу, сабақтар өткізу және кеңес беру түрінде іске асырылады.

2020-2021 оқу жылынан бастап әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры м.а., п.ғ.к., Т.С.Слаббекова «Педагогика теориясы мен тарихы» курсы бойынша Ажинияз атындағы Ноқис мемлекеттік педагогикалық университетінде (Қарақалпақстан Республикасы), п.ғ.д., профессор Г.Ж. Меңлібекова «Әлеуметтік педагогика» бойынша, п.ғ.к., доцент С.С.Жубакова Бұхара мемлекеттік университетінде (Өзбекстан Республикасы), 2019 жылдан PhD, доцент Ж.Е.Абдыхалықова шақыртылған ғалым-оқытушы ретінде «Салыстырмалы білім беру», «Әлеуметтік педагогика» курстары бойынша Ресей халықтар достығы университетінде (Ресей Федерациясы) магистранттар мен аспиранттарға дәріс оқуда.

Кафедраға шет елдік ғалымдар да шақырылуда: 2012-2013 ж. - Джейн Дженсон (Jane Jensen) - PhD доктор, Кентукки университетінің профессоры (АҚШ); Ерчитин Шуле Шефик - доктор, профессор, Хаджетеппе университеті (Түркия); Мартин Джоэль - PhD, Сетон Холл университеті (АҚШ); 2013-2014 ж. - Абрахам Алтоноян, Брунел, университеті Ұлыбритания; 2014-2015 ж. - Трофимова Е.В. п.ғ.к., доцент М.Ақмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Белкин А.С., Шуркова Н.Е., Амонашвили Ш.А., Галагузова М.А., Л.В.Мардахаев – Ресей мемлекеттік әлеуметтік университеті.

2021-2022 оқу жылында – Уразалиева Г.К., ф.ғ.д., Ресей гуманитарлық университетінің профессоры «7M01103-Педагогика және психология» білім беру бағдарламасына «Педагогикалық квалиметрия» және «8D01103-Педагогика және психология», «8D01823-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламаларына «Наукометрия» пәнінен дәріс оқуға шақырылды.

2014 жылдан бастап «Білім беру» (гуманитарлық білімдер) мамандықтары бойынша диссертациялық Кеңес ашылып, оның алғашқы төрайымы ретінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Қ. Шалғынбаева тағайындалса, 2015 жылдан бастап п.ғ.д., профессор Р.К. Төлеубекова сайланды. Бүгінде 2019 жылдан бастап жаңа құрамдағы 8D01823 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», 8D01103 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша *Диссертациялық Кеңес* жұмысын сәтті жүргізуді жалғастыруда. Кеңес төрайымы, п.ғ.д., профессор П.Б.Сейітқазы, төрайымның орынбасары, п.ғ.д., профессор Қ.Р.Қалкеева, ғалым хатшы, п.ғ.к., профессор м.а. Т.С. Слаббекова жүктелген міндеттердің маңызын жіті түсініп, лайықты қызмет атқаруда.

2014-2018 жылдар аралығында кафедрада «Зияткерлік» ғылыми-зерттеу орталығы ашылып, жұмыс атқарды оған п.ғ.к., доцент Байсарина С.С. жетекшілік етті. Студенттердің дипломдық жұмыстары және магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеу тақырыптары бойынша 3 (үш) ғылыми-әдіснамалық, секциялар жұмыс істейді. Олар: «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық кадрлар мен әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау» (жетекшісі – профессор Шалғынбаева Қ.Қ.); «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі өзекті мәселелер» (жетекшісі - профессор Төлеубекова Р.К.); «Мектепке дейінгі балалық шақ әлемі» (жетекшісі – профессор Жиенбаева С.Н.) . Осы секцияларда үш деңгей бойынша бітіруші түлектердің қойтынды жұмыстарына талдау жасалып, есептері тыңдалады және әдістемелік семинарлар, дөңгелек үстелдер үздіксіз өткізіліп отырды.

Мәселен, 2018 жылы Еліміздің тұңғыш президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша американдық ғалым Дэвид Майерстің

ағылшын тіліндегі «Әлеуметтік психология» оқулығының 12-ші басылымын кафедраның 8 оқытушы-профессорлары: Шалғынбаева Қ.Қ., Қалкеева Қ.Р., Ерментаева А.Р., Айқынбаева Г.К., Нурадинов А.С., Шолпанкулова Г.К., Айтышева А.М., Байжуманова Б.Ш., тікелей ағылшын тілінен қазақ тіліне аударып алғашқы қазақ тіліне аударылған 18 жаңа оқулық таныстырылымына ілікті.

Сонымен қатар, 2014-2015 оқу жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінде болашақ мамандарды дайындаудың сапасын арттыру бағытында түлектердің кәсіби қызмет саласына орай кафедра филиалдары құрыла бастады. Кафедра филиалын құрудың мақсаты – білікті мамандарды даярлауды жақсарту, оқу процесінің практикалық бағытын күшейту, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін өндіріске енгізу. Кафедраның өндірістегі филиалы оның оқу-ғылыми бөлімшесі болып табылады, ал филиал жұмысы ұйым базасында, ЖОО жүргізіліп келеді. Филиал құрамы кафедра және ұйым қызметкерлерінен құрылды. Осы жылдар арасында кафедра филиалдарының саны артты, олар:

- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің КММ "№48 мектеп-лицейі»;
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің КММ № 80 мектеп-гимназиясы;
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің КММ "№88 мектеп-лицейі»;
- ЖШС «Каз ГЗУ гуманитарлық заң колледжі»;
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің МКҚК № 93 «Айгөлек» балабақшасы;
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің МКҚК №54 «Нұр-ай» балабақшасы;
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің МКҚК №7 «Аққу» балабақшасы.

Кафедра филиалын құру туралы келісімшарттар 6B01103-Педагогика және психология (бакалавриат), 7D01103-Педагогика және психология (магистратура), 8D01103-Педагогика және психология (докторантура); 6B01823 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану (бакалавриат), 7M01823 –Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану (магистратура), 8D01823 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану (докторантура), 6B01201 –«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» (бакалавриат) мамандықтары /ББ (білім беру бағдарламасы) бойынша жасалған.

Кафедра филиалдары ББ тізбесі бойынша мамандарды ұйыммен бірлесіп даярлауды қамтамасыз ету мақсатында әр жылда түлектердің біліктілік сипаттамаларын, мамандықтың модульдік білім беру бағдарламаларын және элективті пәндер каталогын әзірлеуге қатысады, оларды сараптамадан өткізеді. Кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы, докторанттар, магистранттар, студенттермен бірлесіп филиалдарда өндірістің өзекті мәселелері бойынша тақырыптық дәрістер өткізуге қатысып тұрады. Бұл филиалдарға п.ғ.к., профессор Н.П. Албытова жетекшілік етеді.

Жан бере жұмыс істейтін ұжымның жетістіктері болары белгілі. Оқытушы мен білім алушының мерейі үстем болып, кафедраға олжа әкелген кездер өте көп. Мысалы, 2014 жылы кафедра доценті, п.ғ.к. А.И. Омарбекованың жетекшілігімен «5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3-курс студенттері Алматы қаласында өткен «Өзін-өзі тану» пәні бойынша республикалық педагогикалық олимпиадаға қатынасып, жүлделі 1 орынға ие болды. Дәл осы жылы «5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының орыс тобындағы студенттері кафедраның аға оқытушысы, PhD докторы Қ.М. Сагиновтың жетекшілігімен «Өзін-өзі тану және өзін-өзі жобалау өзін-өзі жүзеге асырудың шарты ретінде» атты халықаралық форумға қатысып (Екатеринбург), жүлделі орындары үшін арнайы сертификаттарға ие болған еді. Сонымен қатар, 2016-2021 жылдар аралығында Қазақстан республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан өткізілетін Республикалық студенттер арасында өткізілетін ғылыми жобаларға кафедра студенттері тұрақты түрде қатысып, жоғары деңгейде көрсеткіштер көрсетуде. Мәселен, кафедраның профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты М.П. Асылбекованың тікелей ғылыми жетекшілігімен 2017-2018 оқу жылында «5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3-курс студенті Иса Сымбат республикалық ғылыми жобалар байқауының жеңімпазы ретінде жүлделі 1 дәрежелі дипломмен марапатталса, 2019-2020 жылы осы аталған мамандықтың 3-курс студенті Әзім Әйгерім республикалық ғылыми

жобалар байқауының жеңімпазы ретінде жүлделі 2 дәрежелі дипломмен марапатталып, қаржылай сыйлық ие болды.

2015 жыл да жағымды сәттерге толы болды. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша республикалық пән олимпиадасының 1-орын жеңімпаздары ретінде жыл сайынғы өткізілетін кезекті республикалық пән олимпиадасы біздің кафедраның оқытушы-профессорлар құрамының ұжымдық атсалысуымен және университет басшылығының қолдауымен, Білім және ғылым министрінің орынбасары Т.О. Балықбаевтың қатысуымен республикалық деңгейде ауқымды іс-шара ретінде Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де жоғары деңгейде өткен болатын. Кез келген тапсырылған шараның шырайы кіріп, көптің көңілінен шығуы үшін жанын салатын қызметкерлердің ұйымшылдығы қуантады. Бұл, әрине, ұжымдағы бірліктің белгісі.

Ал 2016 жылдан бастап «Педагогика» бағытындағы мамандықтар бойынша республикалық деңгейде өткізілетін магистранттардың педагогикалық олимпиадасына кафедраның доценті, п.ғ.к. М.П. Асылбекованың жетекшілігімен 1 және 2 курс магистранттары қатысып, 1 және 2-орынды қанжығасына байласа, 2020 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік қазақстан мемлекеттік университетінің базасында өткен «Педагогика» бағытындағы мамандықтар бойынша магистранттардың Республикалық педагогикалық олимпиадасында Гран-При жүлдесін иеленді. Сонымен қатар кафедрада 2012 жылдан бастап ҚР БЖҒМ «Мәңгілік Елдің» ғылыми негіздері ХХІ ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша төменде берілген тақырыптардағы гранттық ғылыми жобалар орындалды:

1. «Научно-методические основы подготовки специалистов в условиях модернизации дошкольного образования» (2012-2014 жж.) Жетекшісі – п.ғ.д., профессор м.а. Жұмабекова Ф.Н.

2. «Медиа білім беру үрдісінде студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (2012–2014 жж.). Жетекшісі – п.ғ.д., профессор Сейітқазы П.Б.

3. «Қазақстанның білім беруі және педагогика тарихы» оқу пәнін тәжірибеге ендірудің теориялық-әдіснамалық негізі». Жетекшісі – п.ғ.д., профессор Калкеева Қ.Р.

4. «Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында шетелдік тәжірибе негізінде (АҚШ, Англия) студенттерге академиялық қолдау көрсету» (2015-2017 жж). Жетекшісі – PhD, доцент Абдыхалықова Ж.Е.

5. «Мамандарды жетім балалармен жұмысқа дайындауда инновациялық технологияларды қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (2015-2017жж.) Жобаның ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., профессор м.а. Асылбекова М.П.

6. «ЖОО білім беру жүйесін экологияландыру студенттердің рухани санасын модернизациялаудың инновациялық тәсілі ретінде» (2018-2020 жж.). Жетекшісі: п.ғ.д., профессор Г.К. Длимбетова.

7. «Қазақстанның үшінші жаңғыру контексіндегі андрагогикалық білім берудің әдіснамасын құру» (2018-2020 жж.). Жетекшісі: п.ғ.д., профессор Г.Ж. Меңлібекова.

8. «Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, мектепке дейінгі білім беру мамандарының ғылыми-зерттеу дайындығын өзгерту (Финляндия)» (2020-2021 жж.). Жетекшісі – п.ғ.к., профессор м.а. Жұмабекова Ф.Н.

2017 жылы «Өзін-өзі тану» пәні бойынша 3 курстар арасындағы республикалық пән олимпиадасынан екі мәрте 1-орынды иеленіп, тағы да жеңімпаз атанды. Олимпиадада еліміздегі ЖОО-нан 14 команда сынға түсті. Осылайша, республикалық деңгейдегі барлық көлемді іс-шара Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де көпшілік тәнті боларлық деңгейде өткізілді.

Қазіргі уақытта кафедраға қарасты төмендегідей үйірмелер мен студенттік клубтардың жұмысы жанданып тұр: «Әлеуметтік педагогиканың заманауи проблемалары» (6В01823 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану») ғылыми-зерттеу үйірмесі; «Тұлға дамуының педагогикалық-психологиялық мәселелері» (6В01103 – «Педагогика және психология», 6В01201 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту») ғылыми-зерттеу

үйірмесі; «Руханият студенттер клубы»; «Экологиялық еріктілер клубы» және PhD докторанттар мен магистранттардың, бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыстары мен магистрлік және докторлық диссертацияларының тақырыптарын таңдаудан бастап, қорғағанға дейін үздіксіз сараптама мен талдау жұмыстарын жүргізетін 3 бағыт бойынша ғылыми-әдіснамалық семинарлар және 5 бағытта ғылыми мектептер қызмет атқарады. Олар: «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық кадрлар мен әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау» (жетекшісі – профессор Шалғынбаева Қ.Қ.); «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі өзекті мәселелер» (жетекшісі - профессор Толубекова Р.К.); «Мектепке дейінгі балалық шақ әлемі» (жетекшісі – профессор Жиенбаева С.Н.); «Әлеуметтік сала мамандары кәсіби қызметінің деонтологиялық негіздері» (жетекшісі – профессор Кертаева К.М.); «Жоғары оқу орнындағы медиабілім беру мәселелері» (жетекшісі – Сейітқазы П.Б.).

Кафедра ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік, монографиялық еңбектерді жарыққа шығарудан кенде емес. Әр қызметкер өз бағыты бойынша түрлі тақырыпта ой өрбітіп, терең талдау жүргізуге қашан да әзір. Мәселен, бүгінде кафедра оқытушылары авторлығымен 70-тен астам монография, 50 –ден астам оқулық және 160-тан аса оқу-әдістемелік құралдар, 55 мың 479 мақалалар отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, отандық және шетелдік ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында жарыланған. Олардың ішінде 210 мақала нөлден жоғары импакт-факторлы халықаралық журналдарда ([Web of Science](http://Web_of_Science), www.scopus.com) жарияланған. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы 100-ден астам авторлық патенттердің авторлары.

Кафедраның білім алушылары алыс және жақын шетелдерде, ҚР ұйымдастырылған Халықаралық, Республикалық пәндік олимпиадалардың, конкурстардың, ғылыми жобалардың жүлдегерлері. Білім алушылардың арасында Халықаралық стипендия иегерлері де бар.

Халқымызда «Кімде-кім өткенін есте сақтамаса, оның болашағы бұлыңғыр» деген қағида бар. Демек, университеттің, ол жердегі «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының 60 жылдық тарихын жадымызда сақтай отырып, жастарды оқыту және оларды тәрбиелеу ісіне қосып отырған кафедраның үлесі мен оқытушы-профессорлық құрамның кәсіби шеберліктері жоғары бағалауға тұрарлық екеніне айрықша тоқталған абзал. Себебі келешек мықты мамандар бүгінгі білікті ұстаздардан шығады. Д.И. Менделеев айтқандай, «ғылым мен білімді күшті меңгерген және оны сүйетін мұғалім ғана өз шәкірттерінің бәріне жемісті ықпал жасайтын болады». Иә, зер сала қарасақ, біздің кафедраға табан тірейтін әр ұстаз өз жұмысын махаббатпен жасайды екен. Осы себепті нәтижелі еңбек болары хақ.

Кафедра ұжымына шалқар шабыт, өнімді еңбек, жарқын жетістіктер тілеймін. Жоғары білікті, әлемдік бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жолындағы жұмыстары жемісті болсын. Өлі талай сан жылдар бойы ел үшін ерен еңбек ете берері сөзсіз.

Мемлекет мәртебесі білімді ұрпақпен қалыптасады, ал білім, яғни оқу инемен құдық қазғандай екені баршаға анық. Осы қиын да қажырлы еңбек жолында жүрген жоғары оқу орындарының бірі – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті өзінің 25 жылдық мерейтойын стратегиялық міндеттерді жүзеге асырудағы елеулі жетістіктерімен атап өтті. Осы қалыптан таймай, бұдан да биіктен көрінеріне сенімім мол. Келешекте Қазақстан Республикасының дамуына лайықты үлес қоса алатын жоғары оқу орны ретінде өзінің ұлттық мәртебесін асқақтата берсін!